

өнімді пайдалануда, өнімнің түр-түрін көптеп шығаруда, оның сапасын жақсартуда көрнекті табыстарға ие болды. Завод бойынша майға дейін өткен төрт айдың өндірістік жоснары артығымен орындалды. Көзір заводта жоғары сапалы өнім шығарушы 13 бригада бар. Олардың барлығы да тағы да көптеп жоғары сапалы өнім шығаруға міндеттеніп отыр.

«Пищевик» кәсіпшілік артелинің коллективі Май мерекесін лайықты табыстармен қарсы алуға міндеттенген болатын. Коллектив қабылдаған міндеттемелерін іс жүзінде орындап шықты. Артель бірінші майға дейін төрт айдың тапсырмасын 120,9 процент орындады. Бұл сияқты игі нәтижелерге ие болған кәсіпорындары аз емес.

Облыстың алдыңғы қатарлы колхоздарының колхозшы шаруалары, МТС-тері мен совхоздарының коллективтері де Май мерекесі алдындағы социалистік жарысты кең өрістетіп отырып, көктемгі өрістің алғашқы күндерінен бастап барлық егіс көлемінен тұрақты және мол өнім алудың негізін қалауда. Октябрь

Қазақстанда Бірінші майды мерекелеу

Алматы көктемгі сәнді көркімен көз тартады. Кең проспектер мен алаңдар көк майса шөппен құлпырады. Жаңа үйлер мен құрылыстарда Коммунистік партияның және Совет мемлекетінің орнатушылары В. И. Лениннің, И. В. Сталиннің, Коммунистік партия мен Совет Үкметі басшыларының портреттері.

Коминтерн атындағы алаң. Таңертеңгі сағат 10. Орталық трибунада — Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретарлары Афонов және Сужиков жолдастар, Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Тайбеков жолдас, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Керімбаев жолдас және басқалары.

Алматы гарнизонының парадынан кейін алаң жайдары, шат балалар легіне толды. Мектеп оқушылары келеді. Еңбек резервтері мектептерінің оқушылары, физкультурашылар колонналары оқтай тузу сап түзеп барады.

Трибуна жанынан Ленин, Сталин, Фрунзе, Каганович аудандарының еңбекшілері өтуде. Қазақ, орыс, ұйғыр, украинец, өзбек, татар сап түзеп келе жатыр. Бұдан Совет Одағы халықтарының мызғымас достығы көрініп тұр. Қазақстан астанасының еңбекшілері еңбекке қол жеткен жаңа табыстары туралы рапорт беруде.

Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі коллективінің колоннасы алып келе жатқан плакаттар мен диаграммалар республиканың социалистік егін және мал шаруашылықтарындағы табыстарды баяндайды.

Қазақ ССР Ғылым академиясы ғалымдарының, республика астанасының көптеген жоғарғы оқу орындарының, әдебиет пен искусство қызметкерлерінің, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарының колонналары алаңнан бірін соң бірі өтуде.

Алматы еңбекшілерінің мерекелік салтанатты жүрісі совет халықтарының мызғымас айқын достығының, Комму-

нистік партия мен Совет Үкметіне деген сүйіспеншілікті, берілгендіктің айқын демонстрациясына айналды. Республика астанасындағы демонстрацияға 170 мыңға жуық адам қатысты.

Бірінші май демонстрациясына Қарағанды еңбекшілері шат, көңілді өңдерімен шықты. Бірінші колоннада көмір майданының жауынгерлері, шахтерлік гвардияның өсіп келе жатқан жас ұрпағы — еңбек резервтері мектептері мен училищелерінің тәрбиеленушілері өтті. Демонстрацияға шыққандардың қатарында Бірінші май қарсаңындағы жарыста озып шыққан № 1 шахтаның кеншілері өздерінің табыстары туралы рапорттарын ұстай шықты. Мерекелік демонстрацияға 100 мыңнан астам адам қатысты.

Жаңа құрылыстар қаласы — Өскеменде еңбекшілердің мерекелік демонстрациясына көп адам қатысты. Өскемен СЭС-і құрылысшыларының колоннасында атақты стахановшылар — монтажшылар Арғынғазы Әдрішов, Иван Изотов, бетоншылар Жанәділ Қарімбаев, Жұмабай Базылов келеді. Электр су станциясы құрылысшылары Бірінші май мерекесі күрмегіне апрель айының тапсырмасын 137 процент орындады.

Ақтөбе еңбекшілері демонстрацияға ұлы көсемдер В. И. Лениннің және И. В. Сталиннің портреттерін көтеріп, Бірінші май қарсаңындағы жарыста еңбекте қол жеткен табыстарын баяндайтын транспаранттар мен плакаттар ұстап шықты. Ферросплав заводының коллективі Бірінші майды даңқты істерімен қарсы алды. Коллектив 4 айлық жоспарды мерзімінен екі күн ерте орындады.

Шымкенттегі, Жамбылдағы, Семейдегі республиканың және басқа қалаларындағы демонстрациялар совет адамдарының мызғымас достығының, олардың Коммунистік партия мен Совет Үкметіне берілгендігінің қуатты демонстрациясына айналды.

Жергілікті партия, совет және комсомол ұйымдарының айбынды міндеті — бұл сияқты елеулі кемшіліктерді дереу жою отырып, кәсіпорындарында, колхоздарда, МТС-терде, совхоздарда, шаруашылықтың барлық саласында социалистік жарысты онан сайын өрістетіп, оның орындалуына нақтылы басшылық ету, Май мерекесі алдындағы социалистік жарыста қол жеткен табыстарды баянды ету, кәсіпорындары мен ауыл шаруашылығы озаттарының тәжірибелерін кешінен насихаттау, осы арқылы артта қалған шаруашылықтарды алдыңғы қатарлылардың қатарына қосу болып табылады.

Май мерекесі алдында қол жеткен табыстарды баянды етіп, социалистік жарысты бұдан былай да өрістетіп берейік!

— Лениннің — Сталиннің туы астында, Коммунистік партияның басшылығымен коммунизмнің жеңісіне қарай алға баса берейік!

...Мерекенің басталуына аз ғана уақыт қалды. Әскерлер Қызыл Алаңдағы белгілі жерлерге орналасып болған. СОКП Орталық Комитетінің мүшелері, ССРО Жоғарғы Советі мен РСФСР Жоғарғы Советінің депутаттары, министрлер, кәсіподақтардың

Совет Одағының Маршалы Н. А. БУЛГАНИННИҢ сөзі

Жолдастар, солдаттар мен матростар, сержанттар мен старшиналар!

Жолдастар, офицерлер, генералдар мен адмиралдар!

Совет Одағының еңбекшілері! Біздің қымбатты шетелдік қонақтарымыз!

Совет Үкметінің және Совет Одағының Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің атынан сіздерді еңбекшілердің халықаралық мерекесі — Бірінші Май күнімен құттықтап, сәлем жолдаймын.

Бұл дәстүрлі пролетарлық мерекені Отанымыздың еңбекшілері еліміздің шаруашылық және мәдениет құрылысында жаңа, зор табыстармен қарсы алып отыр. Ұлы совет халқы туысқан Коммунистік партия мен оның Орталық Комитетінің төңірегінде, өз үкметінің төңірегіне бұрынғыдан да тығыз топтасып, коммунизм орнату жолында сеніммен алға басып келеді.

Біздің мемлекеттің Қарулы Күштері аса ұлы құрылыс программасын орындаумен шұғылданып жатқан совет адамдарының бейбіт еңбегінің сенімді тірегі болып табылады.

Біздің көп ұлтты мемлекетіміздің халықтарының туысқандық достығы жылдан-жылға нығайып, Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің арасындағы достық ынтымақ барлық жағынан өркендеп, нығая түсуде.

Г. М. Маленков, Л. П. Берия және В. М. Молотов жолдастардың жақында жасаған мәлімдемелерінде Совет Үкметінің саясаты айқын бейнеленді. Бұл саясаттың мәнісі халықтың түбірлі мүдделері мен Отанымыздың хауіпсіздігін қамтамасыз етуде, социалистік мемлекетті онан әрі нығайтуда және жалпыға бірдей бейбітшілікті сақтауда болып отыр.

Осы саясатты ұстай отырып, Үкмет соңғы уақытта мемлекетке және шаруашылыққа басшылық ісін жақсарту және халықтың әл-ауқатын арттыру және совет азаматтарының бұлжымайтын иррационал қорғау мақсатын көздейтін бір-сыныра маңызды шаралар жүргізді.

Орталық мемлекеттік аппарат қайта құрылды, мұның өзі халық шаруашылығына басшылықты жақсарту түсті. Кешірім туралы Указ қабылданды. Социалистік заңдылықты онан әрі нығайту жөнінде шаралар белгіленуде. Азық-түлік бағаларының көп кемітілуімен қатар, көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарларының бағалары едәуір кемітілді.

...Мерекенің басталуына аз ғана уақыт қалды. Әскерлер Қызыл Алаңдағы белгілі жерлерге орналасып болған. СОКП Орталық Комитетінің мүшелері, ССРО Жоғарғы Советі мен РСФСР Жоғарғы Советінің депутаттары, министрлер, кәсіподақтардың

арынан кейін ССРО Соғыс-Төңіз Күштерінің көгілдір жалаулары көрінді. Жалаудың ақшыл-көгілдір жиегіндегі бес бұрышты жұлдыз алыстан көз тартады. Әскери бөлімдердің қатарының дағдылы көгілдір-жасыл көріністен қара костюмдер,

Сыртқы саясатқа тоқталатын болсақ, біздің Үкмет, оның ресми мәлімдемелерінен мәлім болып отырғанындай, ізгі ниетте болып, іске ақылмен қараған күнде барлық халықаралық алауыздықтар бейбіт жолмен шешілген болар еді деп есептейді. Біз бейбітшілікті сақтауды және баянды етуді жақтап, жаңа соғысты әзірлеуге және бастауға қарсы, халықаралық ынтымақ үшін және барлық елдермен іскерлік байланыстарды өркендету үшін күресіп отырмыз. Біздің Үкметтің мұндай саясаты барлық бейбітшілік халықтардың мүдделеріне сай келеді.

Совет Үкметі басқа мемлекеттер үкметтерінің халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдетуге шын бағытталған қадамның қай-қайсысын болса да құттықтап қарсы алады және осы үкметтердің басшылары жасаған бейбітшілік мәлімдемелерінің іспен қуатталғанын көргісі келеді. Бірақ, олардың жанталаса қарулануды қысқартуының да, Европа мен Азияның көп мемлекеттерінің территорияларында, әсіресе, Совет Одағымен шектескен территорияларда орналастырылған соғыс базаларының кең жүйесінің азайтылуының да ешқандай белгілері әзірге болмай отырғандықтан, біздің Үкмет Отанымыздың қорғанысы мен хауіпсіздігін қамтамасыз етуге бұдан былай да ойдағыдай қамқорлық жасап отырады, ол совет халқының ұлы мақсаты — коммунизмге қарай бейбітшілікпен және жеңіспен алға басуына кедергі келтірмекші болатын жаудың күштерінің қандай әрекеттерін қай уақытта болса да тойтаруға әзір болу үшін біздің Қарулы Күштерімізді нығайта беруде шақырады. Сондықтан Совет Армиясы мен Соғыс-Төңіз Флотының адам құрамының міндеті өзінң жауынгерлік шеберлігін қажырлылықпен жетілдіру, өзінң әскери және саяси білімін арттыру болып табылады.

Жолдастар! Біз, совет адамдары, болашаққа сеніммен көз жіберіп отырмыз. Совет Одағының Коммунистік партиясының XIX съезі партия мен халықты коммунизм орнату жолымен алға басудың айқын программасымен қаруландырды. Біздің партия мен үкмет жүргізіп отырған шаралар халықтың игілігіне Үкметтің тынбастан қамқорлық жасап отырғанын көрсетеді, еліміздің өміріне дүрыс басшылық жасап отырғанын сыпаттайды. Біздің Отанымыз өз күштерін өсіріп, көркейтуде. Біздің халық

10 сағат 40 минут. Әскери парад аяқталды. Салтанатты тыныштық басталды. Осыдан кейін көп адам лек-легімен Қызыл алаңнан ағылып өте бастады... Москва еңбекшілері өкілдерінің Бірінші май демонстрациясы басталды.

Даңқты дәстүр бойынша мерекені салтанатты Москваңың туын құрметпен алып шыққан таңдаулы адамдар тобы бастады. Бұл туға ұрыс майданындағы және еңбектегі ерліктері үшін берілген жоғары наградалық бейнесі — Ленин ордені тағылған. Фаңфаралар мен барабандар тартылып, Қызыл алаңға пионерлердің мыңдаған колоннасы келіп кірді. Бүкіл алаң бұрынғыдан да жарқырап, сәулетті түрге енді. Балалардың көңілді үндері естіледі. Балалар көктем гүлдерін алып келе жатыр. Олар еңбекшілердің данышпан көсемдері В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің портреттерін жоғары көтеріп келеді.

Колоннадан біртөп пионерлер бөлініп шықты. Олар Мавзолейдің трибунасына жүгіріп шығып, партия мен үкметтің басшыларына гүлдер силады.

Ең жас демонстрацияшылардан кейін физкультурашылар шықты. Лениннің, Сталиннің ұлы ісінің жеңісі жолындағы күресте шыныққан, батыл және табанды, ғылымның, техниканың, мәдениеттің табыстарын қажырлы жігермен меңгеріп жатқан мыңдаған жігіттер мен қыздар келе жатыр.

Алаңға Москва еңбекшілері қадам басты... Көз жеткен жердің бәрінде де алқызыл тулар мен ұрандар, алуан түрлі гүлдер көрінеді. Демонстрацияшылардың үстінде қатарынан 1200 ту теңіздей толқын келеді. Киров, Ленин, Красная Пресня, Совет, Бірінші Май, Куйбышев, Красногвардейск, Молотов аудандарының әмбелмалары көріледі...

Мавзолейдің алдынан Москваның металлургияшылары мен теміржолшылары, ғалымдары мен искусство қайраткерлері өтуде. Өзінің социалистік Отанына деген жалынды сүйіспеншілігімен топтасқан әртүрлі мамандықтағы өкілдер, әр жастағы адамдар келе жатыр. Олар еңбектегі табыстары туралы рапорт беруде.

Шығарған өнімдері бүкіл елге мәлім болып отырған астаналық кәсіпорындар коллективтерінің өкілдері: Сталин атындағы автомобиль зауыдының, Киров атындағы «Динамо», Владимир Ильич атындағы заводтардың, Каганович атындағы бірінші мемлекеттік подшпник зауыдының және басқа көптеген кәсіпорындардың жұмысшылары мен қызметшілері алаңнан өтуде. Еңбектегі жеңістері туралы, бесінші бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау және асыра орындау жолындағы күресте социалистік жарыстың орасан күшті өрісте-

гені туралы үсті-үстіне жаңа рапорттар берілуде. Москвалықтар бүкіл совет халқы сияқты, Бірінші майды сүйікті Отанымыздың күштілігі мен қуаттылығын көрген мақтаныш, сезіммен мерекелеуде.

Демонстрацияшылардың арасында Москваның құрылысшылары келе жатыр. Отанымыздың астанасы күннен күнге көркем болып келеді. Ірге тастары бұдан бірнеше жыл ғана бұрын қаланған аса зәулім биік үйлердің мұнаралары астанадан алыс жерден көрінеді. Көп қабатты жаңа үйлер, мектептер, клубтар таңданарлық тездікпен көбейіп, жаңа көшелер пайда болуда. Біздің астанамыз өзінің бүкіл 800 жылдық тарихында құрылыстың мұндай өрістеуін ешуақытта да білген емес.

Трибуналарда тұрғандар метрополитеннің құрылысшыларын жылы жүзбен құттықтауда. Метроның поездары күн сайын 2 миллионнан аса жолаушы тасыйды. Жақында метро құрылысшылары тамаша жеңіске жетті — жаңа Арбатек радиусының құрылысын аяқтады.

Совет адамдарының материалдық әлауқаты жылдан-жылға артуда: Мектептердің, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары, әдебиет пен искусство қайраткерлері плакаттар мен транспаранттар ұстап келеді, бұлар Совет Одағында халық-ағарту ісі мен мәдениеттің бұрын болып көрмеген көлемде өркендеп отырғанын баяндайды.

Бірінші май демонстрациясы — халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігінің тірегі болып отырған социалистік Отанның қуаттылығын нығайта беруге совет адамдарының берік бел байлағандығының айқын айғағы.

Москвалықтардың Бірінші май салтанаты аяқталуға айналды. Кең көлемді Қызыл алаңға сап түзеген физкультурашылар тағы да лық толады. Спортшылар қадамдарын нық басып, Мавзолейдің алдынан өтті.

Москва еңбекшілері, бүкіл ұлы социалистік мемлекеттің еңбекшілері сияқты, Бірінші май күні өз қатарының мызғымас берік бірлігін және сонымен қатар, партияның Орталық Комитеті мен Совет Үкметінің төңірегіне топтасқандығын, елімізде коммунизм орнатудың ұлы ісінің толық салтанат құруына қарай үздіксіз алға басуға берік бел байлағандығын бүкіл дүние жүзінің алдында тағы да айқын көрсетті.

Бірінші майдың кешінде астананың алаңдарында, көшелері мен парктерінде халықтың жаппай серуені болды. Оған мыңдаған москвалықтар қатысты.

Кешкі сағат 10-да мерекенің құрметіне артиллериядан салют берілді.

(СОТА),

(ҚАЗТАҒ).

Марксизм-ленинизмді үйренушілерге көмек

И. В. Сталиннің „ССР Одағы Конституциясының жобасы туралы“ еңбегі жөнінде

Сталин жолдастың 1936 жылы, Советтердің Бүкілодақтық Төтенше VIII съезінде ССР Одағы Конституциясының жобасы туралы жасаған тарихи баяндамасы марксизм-ленинизм қазынасына қосылған ұлы үлес болып табылады. Бұл еңбекте дүние жүзінде тұңғыш жеңген социализм еліндегі мемлекеттік құрылыстың бай тәжірибесі данышпандықпен қорытылған, жаңа Конституцияның қажеттігі ғылыми тұрғыдан терең дәлелденген және бұл Конституцияның Совет Одағы мен прогресшіл адамзаттың баршасының тағдыры үшін бүкілдүниежүзілік-тарихи маңызы мейлінше күшті көрсетілген.

И. В. Сталиннің бұл тарихи баяндамасында Совет мемлекеті және оның социалистік қоғам дамуындағы ролі туралы лениндік-сталиндік ілім әрі қарай дамытылған. Бұл еңбек—сталиндік ғылыми болжаудың тамаша дарыны, коммунизмнің аса зор теориялық құралы, творчестволық марксизмнің өнегесі.

Сталин жолдастың Совет Одағы Конституциясының жобасы жөніндегі баяндамасында еліміздегі социализм құрылысы жолында болған ұлы өзгерістерге терең ғылыми қорытынды жасалған.

Совет Одағының алғашқы Конституциясы 1924 жылы қабылданған болатын. Ол кез жаңа экономика саясатының алғашқы кезі еді. Ол кезде социализм құрылысымен бірге капитализм де біраз жанданып жатты, өнеркәсіптегі капитализм секторы 20 проценттей болды. Совет өнеркәсібі социализмге қарай бағыттанып өркендеп жатқанмен соғыстан бұрынғы 1913 жылдың дәрежесіне әлде де жетпеген еді. Жалпы алғанда өнеркәсібіміздің халі шамалы еді.

1924 жылғы ауыл шаруашылығының халі өнеркәсіптен де нашар болды. Ең көп санды қанаушы тап кулактар әлі де жойылған жоқ еді. Бүкіл ауыл шаруашылығы ол кезде, Сталин жолдас айтқандай, ортағасырлық мешуе техникалы, ұсақ және шаруалар шаруашылығының ұшы-қыры жоқ мұхит сықылды еді. Колхоздар мен совхоздар халық шаруашылығында елеулі орын алған жоқ еді. Товар айналымындағы жағдай да осы шамада болды.

жолымен жүргізіп келе жатқан жұмысына табына айналды.

Совет Одағы шаруаларының да бет бейнесі мүлде өзгерді. Совет шаруалары капиталистік қоғам шаруаларына мүлдем ұқсамайтын жаңа шаруалар. Совет шаруалары қанаудан азат етілген және өзінің жұмысы мен дәулетін жеке еңбек пен мешуе техникаға негіздеуді қойып коллективті еңбек пен социалистік қоғамның озат техникасына негіздеп отыр. Мұндай шаруаларды тарих білмейді.

Осы дәуір ішінде интеллигенция да үлкен-үлкен өзгерістерге ұшырады. Социалистік құрылыс үстінде интеллигенция халықпен жақындасып, онымен адал істесе отырып, өзінің құрамы жағынан да, қызметінің сыйпаты жағынан да негізінен өзгеріп үлгерді, сөйтіп, ескі, буржуазиялық интеллигенцияға мүлдем ұқсамайтын өзгеше интеллигенцияға айналды. Бұл—нағыз халықтық, социалистік интеллигенция.

Сталин жолдас өзінің баяндамасында жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы, сол сыяқты, осы таптар мен интеллигенция арасындағы шектер өшіп бара жатқандығын, бұрынғы таптық ерекшеліктің жоғалып бара жатқандығын, сөйтіп, осы әлеуметтік топтардың арасы барған сайын жақындап келе жатқандығын терең талдап көрсетті.

Осы дәуір ішінде еліміздегі ұлттар қарым-қатынастарында түбірлі өзгерістер жасалды. Капитализмді жойып социализмді құру нәтижесінде ұлттарды марксизм-ленинизм рухында түгелдей қайта тәрбиелеу жолымен буржуазиялық ұлттарға мүлде ұқсамайтын жаңа ұлттар, социалистік ұлттар туып қалыптасты. Совет Одағындағы кәзіргі социалистік ұлттар, Сталин жолдас айтқандай, ескі Россиядағы ескі, буржуазиялық ұлттардан өзінің таптық құрамы мен рухани бейнесі жағынан да, өздерінің әлеуметтік саяси мүдделері мен тілектері жағынан да мүлде өзгеше ұлттар болып отыр. «ССРО халықтарының бейнесі мүлде өзгерді,—деді Сталин жолдас,—оларда бір-біріне себеушілік сезімі жоғалды, оларда өзара достық сезімі күшейді, сонымен бірыңғай одақтық мемлекет системасында халықтардың нағыз туысқандық ынтымағы жасалынды.

Осының нәтижесінде біздің әбден қалыптасып және барлық сыннан сүрінбей өткен көп ұлтты социалистік мемлекетіміз бар, бұл мемлекеттің беріктігі дүниенің қай жеріндегі қандай ұлт мемлекетін болса да қызықтырғандай» («Ленинизм мәсе-

лелі, ал азшылығының барлық дәулетті жыйын алып, сән-салтанат құру сыяқты капитализмнің принциптерінің негізі болады, осыларды заң ретінде баянды етеді.

Буржуазиялық конституциялардың керісінше Совет Конституциясы капитализмнің жойылып, социализмнің жеңгендігіне сүйенеді. Совет Конституциясы елімізде жеңген социализмнің принциптеріне сүйенеді, жерге, ормандарға, кәсіпорындарына, өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік меншіктің болуы; қанаушылықтың және қанаушы таптардың жойылғандығы; көпшіліктің зәрушілігі мен азшылықтың сән-салтанатының жойылғандығы; жұмыссыздықтың жойылғандығы; «еңбек етпеген ішіп жемейді» деген формула бойынша жұмысқа жарайтын әрбір азаматқа еңбектің міндет және ар-намыс борышы болып отырғандығы; еңбек ету правосы, демек әрбір азаматтың кепілді түрде жұмыс алу правосы; тынығу правосы, оқып, білім алу правосы және тағы сондайлар сыяқты принциптерді заңды түрде баянды етеді.

Буржуазиялық конституциялар қоғам антагонистік таптардан құрылып отырғандығына сүйенеді, аумақты таптарға керекті және тиімді қоғам тәртіптерін баянды етеді. Совет Конституциясы мұның керісінше, қоғамда енді антагонистік таптардың жоқ екендігіне сүйенеді. Социалистік мемлекетте мемлекет билігі халықтың өз қолында, мұнда еңбекшілерге керекті және тиімді тәртіптер баянды етілген.

Советтік демократияның ұлылығы, оның барлық ұлттар мен нәсілдердің болашақты мен тең правосылығына сүйенетіндігінде, интернационализм идеясын мадақтап, ұлттар достығын нығайта беретіндігінде. Буржуазиялық конституциялар толық правосы ұлттар бар да, толық правосы емес ұлттар бар деп білетін үстем ұлттардың конституциясы болып табылады. Советтік Конституция мұның керісінше, барлық ұлттар мен нәсілдер бұрынғы және кәзіргі күйлеріне қарамастан, күшті немесе әлсіз болғанына қарамастан қоғамның шаруашылық, қоғамдық, мемлекеттік және мәдениеттік өмірдің барлық салаларын да бірдей правосымен пайдалануға тиіс деген негізге сүйенеді. Совет елінде ұлттар мен нәсілдердің тең правосылығының идеясы, халықтар достығының идеологиясы үстем.

Сталин жолдас Совет Конституциясының «...нәтижесінде ұлттардың арасындағы ерекшеліктердің жоюына және ұлттардың бір-біріне қарсы болуының жоюына» («Ленинизм мәсе-

лелі, ал азшылығының барлық дәулетті жыйын алып, сән-салтанат құру сыяқты капитализмнің принциптерінің негізі болады, осыларды заң ретінде баянды етеді.

Сталиндік Конституция қабылданғаннан бергі дәуір социалистік демократияның одан да гүлдеп түскен дәуірі болды. Советтік социалистік демократия халық бұқарасының творчестволық белсенділігін әлдеқайда арттырды.

Сталин жолдас өзінің тарихи баяндамасында ССРО Конституциясының маңызына тоқтай келіп былай деген еді:

«Фашизмнің ылай толқыны жұмысшы табының социалистік қозғалысына шақырап отырған, мәдениетті дүние жүзінің таңдаулы адамдарының демократиялық ниеттерін ластан, былғап отырған кәзіргі уақытта, ССРО-ның жаңа Конституциясы социализм мен демократияның жеңілмейтіндігін баяндайтын, фашизмге қарсы айыптау актысы болады. Бұл күнде кімде-кім фашистер айуандығына қарсы күресіп жатса, ССРО-ның жаңа Конституциясы олардың бәріне моральдық жәрдем және нақтылы демеу болады». (Сонда, 505-бет).

Тарих осы сөздердің әбден дұрыстығын дәлелдеді. Совет Одағы өткен соғыстың ауыр күндерінде бүкіл прогресшіл адамзатты жеңіске жігерлендірді.

Өткен дүниежүзілік екінші соғыста Совет Одағының жеңіп шығуы советтік қоғам құрылысының, советтік мемлекет құрылысының жеңіп шығуы болды. Шаруашылықты жолға қойып, жеңіс тілегіне сай өркендетуде, халықты жеңіске жұмылдыруда, қарулы күштердің жауынгерлік рухы жағынан совет мемлекеті өзінің дұшпанынан әлде қайда күшті болды.

Совет Одағының Ұлы Отан соғысындағы жеңісі советтік социалистік демократияның тамаша салтанаты болды. Совет Одағы соғыстың ауыр сындарынан мүдірмей өтіп, өзін даңққа бөледі. Совет мемлекеті соғыстың барлық сындарына төтен беріп, өзінің тұрмысқа бейімділігін әбден дәлелдеді. Совет Одағының халықаралық көлемдегі беделі өлшеусіз артып нығайды. Халықаралық шеттету жағдайынан Совет Одағы біржола шықты.

Социалистік құрылыстың, советтік демократияның ұлылығын соғыстан кейінгі дәуірде де бүкіл дүние жүзі көріп отыр.

Сталин жолдастың 1946 жылғы 9 февральда сойлеген тарихи сөзіндегі про-

Облысымыздың егіс даласында Жоспар орындалды

Совет ауданының алдыңғы қатарлы колхоздарында көктемгі егісті қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде өткізу жолындағы күрес күн сайын өрісетіп түсуде.

—Егіс жұмыстарын әрі тез, әрі сапалы аяқтау—біздің алдымызда тұрған негізгі міндет кәзір міне, осы, —дейді колхозшы—егіншілер. Олардың сөзі мен ісінің арасында ешқандай алшақтық жоқ.

Көктемгі дала жұмыстары ауданның Ленин атындағы колхозда қызу жүргізілуде. Мұнда колхоз егіншілері мен механизаторлары бір-бірімен ынтымақтаса жұмыс істеуде. Тұқым себілетін барлық егіс-

тік жердің 80 проценті былтырғы жылдың өзінде-ақ әзір етілген болатын.

Любисток басқарған трактор бригадасының механизаторлары стахановтық еңбектің үлгісін көрсетіп жүр. Бригада мүшелері егіс жұмыстары басталғаннан бері сменалық норманы ойдағыдай орындап келеді. Соның нәтижесінде бригада егіс жұмыстарының қоспарын мерзімінен бұрын және толық орындап шықты.

Сол сыяқты, «Путь 12 лет Октября» колхозында жұмыс істейтін Глушко жолдас басқарған трактор бригадасының механизаторлары да ұдайы жоғары көрсеткіштерге жетісулі.

Д. КОЛЕСНИКОВ.

Комсомолецтердің агрегаты

Петропавл ауданының Пушкин атындағы және «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарының әрқайсысының егіс даласында комсомолецтер агрегаты жұмыс істейді. Агрегат мүшелері Май мерекесі құрметіндегі социалистік жарыста қол жеткен табыстарын баянды ету жолында қажырлы еңбек етуде.

Пушкин атындағы колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін комсомолецтер агрегаты көктемгі дала жұмыстарын табысты атқаруда. Агрегат мүшелері тұқым себуге күн сайын жемісті еңбек етіп жүр.

Солардың бірі —«ДТ—54»тракторын жүргізуші Н. Кобылин жолдас. Ол әрбір сменанада норманы үнемі 110—115 процент етіп орындайды.

«Қазақстанның 30 жылдығы» колхозындағы комсомолецтер агрегаты да зор табысқа ие болуда. Агрегаттағылар күнбе-күн өнімді, сапалы жұмыс істейді. Мәселен, комсомолка Валентина Шель жолдас соңғы бір сменасында норманы 150 процент етіп орындады.

Е. ЖҮЗЕНОВ.

«Новый путь» ауылшаруашылық артелінің егіс даласында жұмыс істейтін Н. Кожаяев жолдас басқарған комсомолецтерден құралған трактор агрегаты өнімді жұмыс істеп жүр. Бұл агрегат соңғы 4 жұмыс күні ішінде 114 гектар егістік жер тырмалады. 100 гектар жерге тұқым сеңті. 31 килограмм жанар, жағар майын үнемдеді, ол маймен жұмыс істеді. Агрегат мүшелері бұл табысқа тракторды жоғары техникалық күтімде ұстау, оның

қуатын толық пайдалану арқасында жетті.

Агрегаттағылар 1 Майға дейін 150 гектар жерге тұқым себуге міндеттенген еді. Бұл міндеттені олар аброймен орындап шықты. Бұл күндері агрегаттағылар көктем егісін ең қысқа мерзімде агротехникалық жоғары дәрежеде сапалы аяқтау жолындағы күресті өрістетіп түсуде.

Г. ШМУРЫГИМ.

Үздік тракторшы

Преснов ауданындағы «Путь к коммунизму» колхозында жұмыс істейтін № 6 трактор бригадасының таңдаулы тракторшылары егіс жұмыстарында үздік табыстарға ие болып жүр.

Бриганың тракторшылары жер жырту, тырмалау, тұқым себу жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізіп келеді. Тракторшы С. Шевченко жолдас Май мерекесі құрметіне алған көтеріңкі міндетте-

месіп аброймен орындап шықты. Ол өз тракторын үздіксіз жұмысқа қосып, сменалық тапсырмасын ұдайы артығымен орындауға жетісулі.

Озат тракторшылар дала жұмыстарын тез және сапалы жүргізу жолына өздерінің күш-жігерін аямай жұмсауда. Бұл өзінің игілі нәтижесін беріп те отыр.

Б. НЕКІБАЕВ.

Кореядағы оқығалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 1 май. (СОТА). Корея Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін майданда өткен күні ешқандай өзгерістер болған жоқ деп хабарлады. Ай-

Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі бүгін майданда өткен күні ешқандай өзгерістер болған жоқ деп хабарлады. Ай-

кестер айтып жүрген коммунизмнің бірінші немесе төменгі фазасы дейтінін іске асырды деп салтанатты түрде мәлімдеді.

Коммунистер партиясының елді социалистік жолмен индустрияландыру жөніндегі саясатының жүзеге асырылуы нәтижесінде өнеркәсібіміз өркендеп алып күшке айналды. Капитализм өнеркәсіптен мүлде аласталды. Социалистік сектор өнеркәсіпте түгел үстем болды. Мейлінше өркендетілген ауыр индустриясы бар және одан да әрі өркендетілген машина жасаушы өндірісі бар, қазіргі заманға жаңа бай техникаға негізделген социалистік қоғамға лайық өнеркәсіп жасалды.

Ленин—Сталин партиясының ауыл шаруашылығын коллективтендіру жөніндегі саясатының жүзеге асырылуы нәтижесінде техникаға жүдеу, кулактар түбейлеген ауыл шаруашылығы мәңгі келмеске кетті, жаңа техникамен, машинамен қаруланған ірі шаруашылықтар —колхоздар мен совхоздар ауыл шаруашылығында үстем болды.

Товар айналымында да капиталистер аласталып, совет саудасы өркендеді.

Сөйтіп, еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларында социалистік система толық жеңді. Мұның мәнісі, Сталин жолдас айтқандай, адамды адамның қанауы жойылды, ал өндіріс құралдары мен құрал-жабдықтарына социалистік меншік совет қоғамының бұлжымас берік негізі болып бекіті деген сөз. Сталин жолдас былай деді: «...Біздің экономикамыз қазір жаңа социалистік экономика, дағдарыстар мен жұмыссыздықты білмейтін, жоқшылық пен күйзелушілікті білмейтін және азаматтардың ауқатты, мәдениетті тұрмысқа жетуіне керекті мүмкіншіліктердің барлығын беріп отыратын экономика болып отыр» («Ленинизм мәселелері», қазақшасы, 482-бет).

Совет Одағы экономикасы саласындағы өзгерістерге сәйкес совет қоғамының таптық құрылысы да өзгеріске ұшырады. Сталин жолдас қанаушы таптардың жойылуына және совет қоғамының таптық құрылысының өзгерістеріне маркстік терең талдау жасады.

Помещиктер табы мен ірі буржуазия табы азамат соғысының тамаша жеңіспен аяқталуы нәтижесінде-ақ жойылды. Социалистік құрылыс үстінде қанаушы таптар атауының бәрі құрын бітті.

Жұмысшы табы, шаруалар табы және интеллигенция қалды. Бірақ, бұл әлеуметтік топтардың өзі зор өзгерістерге ұшырады. Сталин жолдас Совет Одағы жұмысшы табының бұрынғы мағнадағы пролетариат болудан қалғандығын көрсетті. Совет елінің жұмысшы табы мүлдем жаңа тапқа айналды, шаруашылықтың капиталистік системасын құртқан, өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік меншік орнатып бекіткен және бүкіл қоғамды коммунизм

жолына апаратын, совет халқы өміріндегі жаңа дәуірдің басталуына қатысты.

Бұл Ленин—Сталин ұлт саясатының тамаша салтанаты еді. Көп ұлтты совет мемлекеті Сталиндік Конституция қабылданғаннан бергі дәуір ішінде одан әрі нығай түсті. Совет мемлекетінің Ұлы Отан соғысындағы бүкілдүниежүзілік-тарихи жеңісі, соғыстан кейінгі дәуірдегі коммунистік құрылыстың тамаша табыстары советтік мемлекет құрылысы көп ұлтты мемлекеттің үлгісі екендігін, советтік мемлекет құрылысы ұлт мәселесі және ұлттардың ынтымақтасып іс ету мәселесі басқа көп ұлтты мемлекеттердің қайсысындағыдан болса да жақсы шешілген мемлекеттік құрылыс екендігін тағы да көрсетті.

Ұлттар достығын қалыптастырып, ығырайтуда ұлы орыс халқының ролі айрықша зор болды. Орыс халқы бас болып еліміздегі социалистік революцияны өткізді, Россияның бұрын артта қалып келген езілген ұлттарының социалистік жолмен дамуына көмектесіп, іргелі социалистік ел болуына атсалысты.

Еліміздегі социализм құрылысының табыстарын басқарып, жігерлендіріп отырған Ленин—Сталин партиясы болды. Сталин жолдас өзінің баяндамасында коммунистер партиясының социализм құрылысы ісіндегі басшылық және жетекшілік ролін көрсете отырып, совет елінде бір-ақ партияның болуы демократия принциптеріне жатпайды-мыс деп сынамақ болған буржуазия қайраткерлеріне қатты соққы берді. Бірнеше партия бірі мен бірінің мүдделері жау және сыйыспайтын өш таптары бар қоғамда болуы мүмкін. Ал, Совет Одағында мұндай таптар жоқ, мұнда совет халқының моральдық-саяси бейнесі қалыптасып ығыайды. Сондықтан бізде бір ғана партияға, Коммунистік партияға негіз бұр «ССРО-да тек бір ғана партия—жұмысшылар мен шаруалардың мүдделерін бағыт және ақырына дейін қорғаушы коммунистер партиясы ғана өмір сүре алады. Ал, коммунистік партияның осы таптардың мүдделерін қорғауы жаман еместігіне ешбір күмән бола қоярма екен». (Сонда, 496-бет).

Сталин жолдас өзінің осы тарихи баяндамасында советтік социалистік демократияның буржуазиялық демократиядан артықшылықтарын кең талдап көрсетті. Антагонистік таптары бар капиталистік елдердегі демократия күштілер үшін, дәулетті азшылық үшін болып отырған демократия. Ал, совет еліндегі демократия, мұның керісінше, еңбекшілер үшін, яғни жұрттың бәрінше үшін болып отырған демократия.

Қанаушылардың үстемдігін қорғайтын буржуазиялық конституциялар өзінің мәні жағынан демократияға қарсы немесе демократиядан мүлде жұрдай конституциялар болып табылады. Бұл конституциялар жерге, ормандарға, кәсіпорындарға, өндіріс

орындарына, өнеркәсіпке, қолөнерге, ауыл шаруашылығына, мәдениетке, ғылымға, спортқа, балалар ағартуына және денсаулығына қатысты. Бұл конституциялардың бір тобы азамат праволарының теңдігі және демократиялық бостандық арды тұна-тура немесе іс жүзінде жоққа шығарады. Ал, екінші бір тобы демократиялық праволарды сөз жүзінде жар салып жариялаумен болады да, іс жүзінде толық жатқан шек қойып, мүлде іске асырмай тастайды. Ал, Совет Одағы Конституциясы еркектер мен әйелдердің «отырықшылар» мен «отырықшы» еместердің, дәулеттілер мен дәулетсіздердің оқығандар мен оқымағандардың праволарында айырмашылық бар деп білмейді. Социалистік қоғамда барлық азаматтардың праволары бірдей. Мұнда әрбір азаматтың қоғамда алатын орнын оның әл-ауқаты, ұлт, тегі, жынысы, қызмет бабы емес, оның өзінің қабілеті мен қоғамға сіңірген еңбегі анықтайды.

Сталиндік Конституцияның демократиялық сыйыпатының күші, ол азаматтардың ресми праволарын тіркеп жазып қоюмен тынбай, күнтің салмағын осы праволардың іс жүзінде қамтамасыз етілу жағына салуында болып табылады. Буржуазиялық конституциялардың азаматтардың ресми праволарын іске асуын ойлаумен ісі жоқ. Буржуазиялық конституциялар азаматтар бірдей тең дейді, бірақ, капиталист пен жұмысшының арасында, помещик пен шаруаның арасында, егер алғашқылардың қолында байлық болып және қоғам ішінде саяси ықпалы басым болып, ал екіншілердің қолында бұлардың бірде-бірі болмай отырғанда, алғашқылары қанаушы, екіншілері қанаушы болып отырғанда, бұлардың арасында нағыз теңдік бола алмайтындығы айқын нәрсе. Совет Конституциясы азаматтардың праволары тең екендігін жариялап қана қоймай, сонымен қатар, елімізде қанау тәртібінің жойылғандығын, азаматтардың қандай қанауға болса да азат екендігін заң ретінде баянды ету арқылы осы праволарды іс жүзінде қамтамасыз етеді. Сталиндік Конституция еңбек ету правосын жариялаумен тынбай, совет қоғамында дағдарыс жоқтығын, жұмыссыздықтың жойылғандығын заңды түрде баянды ету арқылы осы правоны іс жүзінде қамтамасыз етеді. Совет Конституциясы демократиялық бостандықтарды құр жариялап қоймай, бұларды да белгілі материалдық құралдармен заң жүзінде қамтамасыз етеді.

Біздің Конституциямыздың демократизмі, Сталин жолдас айтқандай, оның «әдеттегі» және «жұрттың бәрінше белгілі» социалистік қоғамға дейінгі жалпы реттегі демократизм емес, социалистік демократизм болып отырғандығында.

Буржуазиялық демократия барған сайын іріп-шіріп бұзылып бара жатқанда АҚШ, Англия және басқа елдердің империалистері жаңа соғыс әзірлей отырып, буржуазиялық демократияны тамтығын

коммунизмге бірте-бірте өте берудің ұлы міндетін жүзеге асырып отыр.

Сталин жолдасының данышпан басшылығымен жігерленген совет халқы соғыстан кейінгі дәуірде жаңа тарихи табыстарға ие болды. Социалистік өнеркәсіптің өнімі қазір соғыстан бұрынғы 1940 жылдың дәрежесінен екі еселеп астам асып түсті. Ауыл шаруашылығының астық өнімі 1949 жылдан бері жыл сайын соғыстан бұрынғы дәрежеден асып түсіп отыр.

Совет халқының коммунизм құрылысы ісіндегі тамаша табыстары бүкіл прогресшіл адамзатты бейбітшілік, демократия және социализм жолындағы күреске жігерлендіріп отыр.

Сталин жолдас Совет Конституциясын ССРО-да жүзеге асырылған істің басқа елдерде де жүзеге асырылуына әбден болатындығына айғақ документ болады деген еді, шынғында да солай болып отыр.

Совет Одағының өткен соғыста жеңіп шығуы, батыста фашистік Германия мен шығыста империалистік Жапонияны талқандауы арқасында Европа мен Азияның бірсыпыра халықтары дамудың жаңа жолына түсуіне мүмкіншілік алды. Бұл халықтар совет халқы көрсеткен жолға, социализм жолына түсті. Халықтық демократия елдерінің халықтары буржуазиялық конституцияларды аяққа басып, өздерінің халық конституцияларын жасады. Сөйтіп, Молотов жолдас айтқандай, халықаралық социализмнің дамуында жаңа кезеңнің бастамасы жасалды.

Коммунист және жұмысшы партиялары бастаған Польша, Чехословакия, Венгрия, Румыния, Болгария, Албания социализмді ойдағыдай орнатып жатыр. Коммунист партиясы бастаған қытай халқы дамудың социалистік жолына түсуге мүмкіншілік алды.

Герман Демократиялық Республикасы өзінің бейбітшілік құрылысындағы табыстарымен, бейбітшілік және демократия дәгерінде берік орын алды, қазір социализмді ойдағыдай орнатып жатыр.

Совет Одағы мен халықтық демократия елдерінің тарихи табыстары капиталистік елдердегі жұмысшы қозғалысы мен отар және тәуелді елдердегі ұлт азаттық қозғалысының үздіксіз өсуі социализм мен демократияның жеңімпаз күш екендігін көрсетеді. Социализм мен демократияның бүкіл дүние жүзінде жеңіп шығуы сөзсіз. Сталин жолдасының «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген еңбегі және партияның XIX съезіндегі тарихи сөзі демократия мен социализм жолындағы күрес пен жеңістің ұлы программасы болып отыр.

А. КӘКІМЖАНОВ.

рінде шағын ғана барлаушы топтардың соқтығысулары болды деп хабарлады.

Бүгін Халық армиясының зенит болімдері дұшпанның 3 самолетін атып түсірді.

ПХЕНЬЯН, 2 май. (СОТА). Корей

Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер

ПЕКИН, 1 май. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кэсоннан Кореядағы уақытша бітім туралы бүгінгі келіссөздердегі корей-қытай жағының мынадай мазмұндамасын берді:

Бүгін екі жақтың делегациялары тағы да кездесті.

Корей-қытай жағы делегациясының басшысы генерал Нам Ир тікелей еліне қайтаруға жатпайтын соғыс тұтқындарын екі жақ келісіп тағайындаған бейтарап мемлекетке жөнелту соғыс тұтқындарын еліне қайтаруға байланысты туган даулы мәселелерді шешудің ақылға қонымды әдісі болып табылатындығын мәжілісте ашық атап көрсетті. Осы жағдайда, деп мәлімдеді онан әрі Нам Ир, біздің жақ екінші жақпен консультация өткізу мақсатында азиялық мемлекеттердің бірін атауға әзір. Екі жақтың келісіп тағайындауына тиісті бейтарап мемлекетке құрметтеушілік көрсету үшін біздің жақ бейтарап мемлекет-

ЛОНДОН, 1 май. (СОТА). Ағылшын газеттері өздерінің Кореядағы уақытша бітім туралы келіссөздер жайындағы мазмұндамаларында американдық делегаты Гаррисонның соғыс тұтқындарына бақылау жасауды қамтамасыз ету үшін бейтарап ел ретінде азиялық мемлекеттердің бірін тағайындау жөніндегі корей-қытай жағының ұсынысына қарсы шығуына, сол сыяқты американдық мемлекеттік департаментінің бұдан кейінгі мәлімдемесіне ең алдымен тоқталды.

«Манчестер гардиан» газетінің жазуына қарағанда, генерал Гаррисон өзінің

ПХЕНЬЯНДЫ АЙУАНДЫҚПЕН БОМБАЛАУ

ПХЕНЬЯН, 1 май. (СОТА). Еңбекшілердің халықаралық мерекесі Бірінші май күні таңертеңгі сағат 11-де американдық әуе-соғыс күштері бейбіт Пхеньянға айуандықпен шабуыл жасады. Американдық реактивтік истребитель-штурмовиктер эскадрильясы бұлттың аржағындағы биіктіктен көрінбей қалаға өткен. Ондаған самолеттер бұлт арасынан шыға келіп, Пхеньяның тұрғын кварталдарына қуатты бомбалар тастаған, қала-

тиллериядан оқ атулар болды. Сауда аралы ауданында кеше жағалаудағы артиллерия дұшпанның бір кемесін суға батырды.

Бүгін жау самолеттерін атқыштар дұшпанның 2 самолетін атып түсірді.

тің кандидатурасын талқылауды екі жақтың жоғарыда айтылған принцип туралы —тікелей елдеріне қайтарылмайтын соғыс тұтқындарын екі жақтың өзара келісіп тағайындаған бейтарап мемлекетке жіберу туралы келісуіне кейін бастау қажет деп есептейді. Алайда, бүгінгі мәжілісте екінші жақ өзара келісу арқылы тағайындалған бейтарап мемлекетке қазіргі уақытта өздерін жақтаған жақтың бақылауында болып отырған аудандардан тікелей еліне қайтарылмайтын соғыс тұтқындарын жіберуге қарсы болды. Сонымен қатар, бұл жай бейтарап мемлекеттің нақты кандидатурасы жоғарыда айтылған өз принциптері жөнінде келісілгенге дейін талқылануы талап етті. Сөйтіп, толық құрамдағы делегациялардың бүгінгі мәжілісінде ешбір прогресс болған жоқ.

Екі жақ ертең таңертеңгі сағат 11-де кездесуге келісті.

барлық мәлімдемелерінде дәрежелік көрсетуде болған.

«Таймс» газеті корей-қытай жағының осы уақытқа дейін жасап келген ұсыныстары түрлі кемшіліктері себебінен қабылданбай келді деп атап көрсетеді. Әрине, деп мәлімдейді газет, оларға кейбір түзетулер енгізу керек, бірақ, мүлдем жарамсыз деп айтуға болмайды. Келіссөздер, деп мәлімдейді газет қорытындысында, таяу уақыттың ішінде құрғақ шешендікке айналып кетуі ықтимал деп сену керек.

Редактор Ф. МҰХАМЕДЖАНОВ.

КИНОЛАРДА

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«МОСКВА КӨКТЕМІ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТАБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҰРЛАП ӘКЕТУ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ партия және ауылшаруашылық бөлімдері—2-36, өнеркәсіп-транспорт және

АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй, ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, тілшілер бөлімдері—3-39, корректорлар бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет

бюросы—4-39, Газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе—1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.